

*Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім
беретін мектеп» КММ*

*Асхана тағамдарының сапасына тексеру жүргізу нәтижесі бойынша
АНЫҚТАМА*

Қыркүйек,.2025ж.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мемлекеттік балабақшаларда және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларды тамақпен қамтамасыз ету ережелерін бекіту туралы» 2018 жылы 31 қазандағы 109 тармақша 3 бөлім 2 тарау №598 бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес мектепшілік 2025 жылы 2 қыркүйектегі «2025-2026 оқу жылына тамақтану сапасын бақылай бойынша комиссия құрамын құру туралы» бұйрығы негізінде құрылған білім беру мекемелеріне сапалы тамақтандыру мониторингін жүйелі түрде жүруін тексеру комиссиясы 2025 жылдың қыркүйек айында 2 рет мектеп асханасындағы тағамдардың сапасына жоспарлы тексеру жүргізді. Қыркүйек айының бірінші жартысында келісім шартпен келіп «ИП Бекбулатова М.Т» , 2- жартысында «СоциумПит» қызмет көрсетті.

Тексеру барысында ас мәзірі, тағамның дәм сапасы, тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімі, санитарлық талаптардың сақталуы және аспазшылардың жұмыс киімі, тамақтандыру стандартының орындалу барысы мен кезекшілік кестесі, тамақтану кестесі қаралды.

Тағам сапасы мен порция көлемі санитарлық-гигиеналық нормаларға толық сәйкес екені анықталды. Асхананың тазалығы мен қызмет көрсету мәдениеті жақсы деңгейде деп бағаланды.

Бақылау нәтижесі бойынша асхана жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатында тағам сапасына тұрақты түрде мониторинг жүргізу ұсынылды.

Жасалған ұсыныстар: «Денсаулық» журналының болуы, буфет бағаларын жазып қою. Жеміс – жидек шырынының сәл қышқылдау дәмін азайту ұсынылды.

Әлеуметтік педагог: Кулжабекова С. О
87767061181

